

Жануарлардың жұқпалы ауруларын алдын алу және жою бойынша шараларды жүзеге асырудың Ветеринариялық ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 758 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 28 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3405. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. Қосымшалар бекітілсін:

- 1) қой мен ешкінің секіртпе ауруын алдын алу және жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы Ветеринариялық ереже;
- 2) қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруын алдын-алу және жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы Ветеринариялық ереже;
- 3) қой мен ешкінің жұқпалы энтеротоксемия ауруын алдын-алу және жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы Ветеринариялық ереже.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық, Астана және Алматы қалалары аумақтық басқармалары Ветеринария департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын қажетті шаралар қабылдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ветеринария департаментінің директоры А.Ә.Қожамұратовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 758 бұйрығымен бекітілген

Қой мен ешкінің секіртпе ауруын алдын-алу және жою жөніндегі шараларды іске асырудың Ветеринариялық ережесі

Осы Ветеринариялық ереже (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының " Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде секіртпе ауруын алдын-алу және жою жөніндегі шараларды іске асырудың ұйымдастыру және орындау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы шаралар

1. Секіртпе - жіті, жұғымтал емес, тез өтетін, микроб уы денеге тарайтын қой мен ешкінің ауруы, сонымен қатар, ауру ағзаның жалпы улануымен, жұмыршақ қарын мен он екі қатпарлы ішекте кілегейлі қабық қанталап, қабынуымен бірге оларда газ жиналуымен сипатталады. Кейбір жағдайларда секіртпе ауруында бауырда өліеттену ошақтарының түзілуі қатар жүреді.

Аурудың негізгі қоздырғыштары А, В типтерінің *Clostridium septicum*, *Cl. oedematiens* және *Cl. sordellii* болып табылады. Олар белгілі жағдайларда жануарлардың ішек-қарынында және бауырында көбейе алады. Индет қоздырғыштарының споралары топырақта, ақпайтын суларда, мал азығында, мал қораларында, көңде, сонымен қатар ұлтабарда және ішекте сақталады.

Ауру, малды әдеттегі азықтандыру, суару, ұстау шарттары кенет бұзылғанда шығатынын ескеру керек. Ауру ішек-қарын жұмысының бүлінуіне әкеліп және аталған қоздырғыштардың жедел қарқынмен көбейіп, ағзаның жалпы улануының да м у ы н а а п а р ы п с о ғ а д ы .

Кейбір жағдайларда қой мен ешкінің секіртпе ауруы жұмыршақ қарынның кілегейлі қабығының қанталап қабынуы және бауырда өліеттену ошақтары пайда б о л у ы м е н қ а т а р жү р е д і .

2. Секіртпеге диагнозды клиникалық, патанатомиялық, эпизоотологиялық деректерді негізге ала отырып және лабораториялық зерттеулердің қорытындысына қарай қояды. Лабораторияға өлгеніне 3-4 сағаттан аспаған (диагноз қою үшін сойылған) малдың жүрек қанын, бүйрегін, көк бауырын, жілік сүйегін, бауыр бөлікшелерін, тері асты жалқаяғын, жұмыршақ қарыны мен он екі қатпарлы ішегінің зақымданған алабын немесе өлексесін тұтас жібереді.

Патаологиялық материал күмәнсіз жаңа өлген өлекседен алынуы керек, жылдың жылы маусымында оны глицериннің 30-40 % ерітіндісінде, ішектің ішіндегіні - 10 миллилитріне 2 тамшы хлороформ жұмсап консервілейді.

2. Қой мен ешкінің секіртпе ауруымен күресу және алдын-алу шаралары

3. Секіртпе ауруы анықталғанда, аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынысы бойынша жергілікті атқару органы атынан, шаруашылықпен айналысатын субъектінің осы аурудан таза емес екендігі жарияланады және онда келесі шектеу шаралары жүргізіледі:

1) барлық ауру және ауруға күдікті жануарларды оқшаулап, емдік дозамен гипериммунды сарысу егеді, ал керек болған жағдайда симптоматикалық емдеу жүргізіледі;

2) сау малдар қорада ұстап бағуға ауыстырылады, тек сапалы шөп, минералды заттардан тұратын рационмен қоректендіріледі және оларға тиісті вакцина егіледі;

3) вакцинаны бірінші егуден 15 күн өткеннен соң секіртпеден малдың өлімі мен ауырғаны тоқтағаннан кейін, жануарларды күнделікті бағу және азықтандыру жағдайына көшіреді.

4. Секіртпеден өлген қой немесе ешкінің өлекселері терісімен және жүні алынбай жойылады. Ауруды анықтау мақсатында өлекселерді союға арнаулы жабдықталған орында ғана рұқсат беріледі.

5. Көнді химиялық әдіспен зарарсыздандырады немесе өртейді, биотермиялық әдісті қолдануға болмайды.

6. Аурудан таза емес кезеңде рұқсат етілмейді:

1) жануарларды кіргізуге, шығаруға және шаруашылықтың ішінде бір жерден басқа жерге ауыстыруға, қайта топтастыруға;

2) ауырған қой мен ешкіні союға және етін тағам үшін пайдалануға;

3) ауру қой мен ешкіні саууға және сүтін тағамға пайдалануға.

7. Шаруашылық етуші субъекті аталған аурудан соңғы малдың ауырғанынан немесе өлгенінен 20 күннен соң, осы Ережеде көрсетілген барлық шаралар орындалып, қорытынды зарарсыздандыру өткізілгеннен кейін аурудан таза болып саналады.

8. Секіртпе ауруының алдын-алу мақсатында қой мен ешкіні құнды азықпен қамтамасыз етіп, рационның күрт өзгеруіне жол бермейді. Малдарды суарудың және бағудың санитарлық, зоогигиеналық талаптарын сақтайды. Аурудың шығу қаупі бар жыл маусымында қой мен ешкіні жайылымға шығар алдында сапалы

шөппен үстеме қоректендіру ұсынылады.

9. Секіртпе ауруы бұрыннан шығып жүрген жерлерде барлық қойлар, ешкілер ауру шығу маусымынан ерте, немесе жайылымға шыққанға дейін 20-30 күн бұрын, тиісті вакцинамен қолдану нұсқаулығына сәйкес егіледі.

10. Шаруашылық етуші субъектілердің осы ауруды малдарға жұқтырмау мақсатындағы міндеттері:

1) ауыл шаруашылық жануарларын, ветеринариялық мамандармен бірлесе отырып, бірдейлендіруді және оларға ветеринариялық төлқұжаттарды ресімдеуді қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануарлар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы хабарлау;

3) ветеринариялық мамандарға олардың талап етуі бойынша диагностикалық зерттеулер мен вакцина егуді жүзеге асыру үшін жануарларды беру;

4) бірнеше жануар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық мамандарға хабарлауға және ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдану.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 758 бұйрығымен бекітілген

Қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруын алдын-алу және жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы Ветеринариялық ережесі

Осы Ветеринариялық ереже Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруының алдын-алу және жою жөніндегі (әрі қарай - Ереже) ветеринариялық шаралардың іске асырылуын ұйымдастыру және орындау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы шаралар

1. Қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматиті (стоматит, қара сүйел, ерін тазқотыры және т.б.) - жұғымтал ауру, сыртқы кілегейлі қабықтарда, бастың бет жақ бөлігіндегі теріде, тұяқ аралығында, жұлықта, емшекте, жыныс

органдарында және дененің т.б. жерлерінде күлдіреуік, сүйел, қабық және қабықша пайда болуымен сипатталады.

Аурудың қоздырғышы - эпителидің вирусы, шешек тобының вирустары қатарына жатады. Вирусты ауру мал денесіндегі бөрткеннен, күлдіреуіктен, іріңді безеуден және қабыршақтан табады. Аурудың қоздырғышы сыртқы ортаға төзімді, кепкен қабықтар мен қабықшаларда қалыпты жағдайда 4 жылдан артық сақталады, қайнатқанда тез өледі. Ауру тараған жайылымдарда вирус бірнеше ай сақталады.

2. Ауру кеңінен немесе белгілі бір аймақта таралып, көбінесе қозылар мен лақтарды зақымдайтынын, ал ересек малдардың сирек ауыратынын ескеру керек. Қозылар туған күнінен бастап ауруға шалдығады. Ауру тез таралып, 2-3 жұманың ішінде ауруға бейім мал басын залалдайды.

Ауру малдар, вируспен ластанған мал азығы, су, жайылым, мал қоралары және күтім заттары жұқпалы аурудың көзі болып табылады. Малды дұрыс бақпағанда, тікенек шөпті, бұталы жайылымдарға, егіні, шөбі орылған жерлерге жайғанда пайда болатын кілегейлі қабықтар мен терідегі әртүрлі жарақаттар аурудың жұғуына және таралуына ықпал жасайды.

Инкубациялық кезең 3-10 күнге созылады. Патологиялық үрдістің орналасуына қарай аурудың ерінді, тұяқты, жыныс мүшелерін және ауыз қуысының кілегейлі қабығын зақымдаушы түрлері ерекшеленеді. Патологиялық үрдіс кілегейлі қабықта, немесе теріде қызыл бөрткендер және түйіншектер пайда болуынан басталып, олардың іріңді күлдіреуікке айналуымен жалғасады.

Іріңді күлдіреуік жарылып, кілегейлі қабық зақымданғанда оның орнына эрозия, теріде қоңыр-сұр түсті (қара қоңырға дейін) қабыршақ пайда болады.

3. Лабораториялық диагнозды ауру малдан алынған патматериалдың тексерулерін (микроскопия, биопроба) негізге ала отырып қояды:

1) ветеринариялық лабораторияға зерттеу үшін мал денесіндегі зақымданған жаңа ошақтардан алынған, бекітілмеген жағындылар мен қабыршақ бөлікшелерін жібереді;

2) жағындыларды Морозов немесе Пашен әдісімен бояйды және микроскоппен тексереді. Контагиозды пустулалы дерматит ауруы болатын болса, вирустың денешіктерін табады;

3) биопробаны дені сау қозыларға қояды. Қозыларда залалдаған соң 3-5 күннен кейін қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруына тән өзгерістер пайда болу керек. Осы жағдайда биопроба оң саналып,

лабораториялық зерттеудің нәтижесі расталады.

Қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруына некробактериоз, шешек және аусылдан ажырату диагнозын қояды.

2. Қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруын алдын-алу және күресу шаралары

4. Қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруын алдын-алу шаралары :

- 1) ауру малдарға уақытында диагноз қою;
- 2) қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруына бейім барлық мал басын індетке қарсы шаралардың жоспары бойынша тиісті вакцинаны қолдану нұсқаулығына сәйкес егу.

5. Шаруашылықтарды қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруынан қорғау мақсатында мал иелері және ветеринариялық мамандардың міндеті :

- 1) ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді және оларға ветеринариялық төлқұжаттарды ресімдеуді қамтамасыз етуге;
- 2) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануарлар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы хабарлауға ;
- 3) ветеринариялық мамандарға олардың талап етуі бойынша диагностикалық зерттеулер мен вакцина егуді жүзеге асыру үшін жануарларды беруге;
- 4) бірнеше жануар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық мамандарға хабарлауға және олар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға .

6. Ауру анықталған кезде шаруашылықтың қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруынан таза емес екендігі хабарланып, белгіленген тәртіппен шектеу қойылады, шектеудің шарты бойынша рұқсат етілмейді:

- 1) қой мен ешкілерді әкелуге, әкетуге (тасуға); дені сауын ет комбинатына союға апарудан басқа ;
- 2) мал күтуге қатысы жоқ адамдардың мал қораларына және басқа мал тұратын орындарға кіруіне ;
- 3) ветеринарлық маманның рұқсатынсыз шаруашылықтың ішінде малдарды қайта топтастыруға ;
- 4) ауру малдар жанасқан мал азықтарын (жем, шөп, сабан т.б.) сыртқа

шығаруға,

тасымалдауға.

Осы аты аталған азықтармен сол жерде контагиозды пустулалы дерматит ауруы жұқпайтын малдар мен ауру, аурудан сауыққан қой мен ешкілерді азықтандырады.

7. Аурудан таза емес отарлардағы қой мен ешкінің сүтін тағам ретінде тек қайнатқаннан кейін немесе сүт өнімдерін тікелей шаруашылықтың ішінде өңдегеннен кейін, шаруашылықтың өзінде пайдалануға рұқсат етіледі.

8. Контагиозды пустулалы дерматит ауруымен ауырған малдарды оқшаулап, емдеу жүргізеді. Ауыз қуысының кілегейлі қабығы зақымданғанда сутегі қос тотығының, немесе тотияйынның 3 % ерітіндісі, йод тұнбасы; карбол қышқылының нафталан мұнайындағы 3 % эмульсиясы, денатуратталған спирттегі юглонның 0,5 % ерітіндісі тағы басқалар қолданылады.

Тері зақымданған кезде жоғарыда көрсетілген заттармен қоса иодглицерин, цинк майын пайдаланады.

Ауру асқынып кетсе, зақымданған жерлерге хирургиялық өңдеу жүргізеді, жоғарыда аталған препараттармен қатар ауру малға 1 килограмм салмаққа 0,02-0,03 граммнан биомицинді 3-4 күн бойы ішкізеді; 1 килограмм салмаққа 4 миллиграммнан биомицинді бұлшық ет ішіне егеді және 1-1,5 миллилитр 1-2% тетрацилин ерітіндісін 3-4 күн бойы тері астына егеді.

9. Өлген және лажсыздан сойылған, контагиозды пустулалы дерматит ауруының клиникалық белгілері бар, жануарлардың өлекселері жойылады, терілері зарарсыздандыруға тартылады.

10. Қой мен ешкінің контагиозды пустулалы дерматит ауруынан таза емес отарлардың жүнін соңғы кезекте, сау отарлар қырқылғаннан кейін қырқады. Қырқу орынын, сонымен бірге қырқу құралдарын жұмыс аяқталғаннан кейін механикалық тазартудан өткізіп, зарарсыздандырады. Алынған жүн тығыз матамен қапталып, шаруашылықтан жүн өңдеу кәсіпорнына ғана өткізіледі және сол жерде зарарсыздандыруға жатады.

11. Контагиозды пустулалы дерматит ауруында ет және ет өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сапасын анықтау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 31 қазандағы N 351 бұйрығымен бекітілген және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 2105 болып тіркелген "Сойылатын малдарды сояр алдындағы ветеринариялық тексеру және сойылғаннан кейін ұшаларын, ішкі органдарын

ветеринариялық-санитариялық сараптау және оларға санитариялық баға беру
Ережесіне " сәйкес жүргізіледі.

12. Контагиозды пустулалы дерматит ауруына қарсы ветеринариялық іс-шаралар кешені атқарылған соң, шектеу шараларын тоқтату туралы шешімді тиісті аумақтың бас ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

13. Қорытынды зарарсыздандыруды кешендік карантиндік шаралар өткізілгеннен кейін жүргізеді. Қысқы жайылымдарда (отарлы мал шаруашылығында) мал қораларын көңнен тазарту, мұқият зарарсыздандыру, санитарлық жөндеу жұмыстары жаз айларында жүргізіледі. Зарарсыздандыру жасау үшін ветеринариялық препараттардың Мемлекеттік реестрінде тіркелген зарарсыздандыру заттары қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғы 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғы
N 758 бұйрығымен бекітілген

Қой мен ешкінің жұқпалы энтеротоксемия ауруын алдын-алу және жою жөніндегі шараларды іске асырудың Ветеринариялық ережесі

Осы Ветеринариялық ереже (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының " Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде қой мен ешкінің жұқпалы энтеротоксемия ауруын алдын-алу және жою жөніндегі шараларды іске асырудың ұйымдастыру және орындау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы шаралар

1. Қойдың жұқпалы энтеротоксемиясы - жіті, жұғымтал емес, микроб уы денеге тарайтын, ішектің қанталауымен, жүйкенің бұзылуымен, ағзаның жалпы улануымен және бүйректің зардап шегуімен сипатталады.

2. Аурудың қоздырғышы С және Д типтеріндегі микроорганизм - Clostridium perfringens болып табылады. Инфекция қоздырғыштарының споралары топырақта, ақпайтын суларда, мал азығында, мал қораларында, көңде сонымен қатар жануаралардың ішек-қарындарында сақталады.

3. Жұқпалы энтеротоксемияға диагноз қою үшін клиникалық, патологоанатомиялық және эпизоотологиялық деректермен қоса лабораториялық зерттеулердің қорытындысын негізге алады.

Лабораторияға өлгеніне 3-4 сағаттан аспаған (диагностикалық сою) өлексені бүтіндей немесе оның зақымданған ішегін ішіндегісімен бірге ұштарын байлап, үлпершекті ағзаларын (міндетті түрде бүйрегін қоса), құрсақ, перикард және кеуде қуысындағы сұйықтарын және жілік сүйегін жібереді.

Патологиялық материал тек жаңа ғана өлген малдан алынуы керек, жылдың жылы маусымында оны 30-40 % глицерин ерітіндісінде, ал ішектің ішіндегіні - 10 миллилитріне 2 тамшы хлороформ жұмсап консервілейді.

2. Қой мен ешкінің жұқпалы энтеротоксемиясын алдын-алу және күресу шаралары

4. Жұқпалы энтеротоксемия ауруы анықталғанда, аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынысы бойынша жергілікті атқару органы атынан, шаруашылықпен айналысатын субъектінің осы аурудан таза емес екендігі жарияланады және онда келесі шектеу шаралары жүргізіледі:

1) барлық ауру және ауруға күдікті жануарларды оқшаулап, қозының анаэробтық дизентериясы мен қой және ешкінің жұқпалы энтеротоксемиясына қарсы антитоксиндік гипериммунды сарысумен, симптоматикалық, витаминдік препараттарды, антибиотиктерді қоса егіп емдеу жүргізеді, сауыққан малдарды әдеттегі бағу, азықтандыру жағдайына ауыстырады;

2) барлық бейім малдарды тиісті вакцинамен қолдану нұсқаулығына сәйкес и м м у н и з а ц и я ғ а т а р т а д ы ;

3) бірінші вакцинациядан кейін 15 күн өткен соң, малдың өлгені мен ауырғаны аты аталған аурудан тоқтағаннан кейін азықтандыру мен күтуді күнделікті қ а л ы п т ы ж а ғ д а й ғ а а у ы с т ы р а д ы .

5. Аурудан таза емес кезеңде рұқсат етілмейді:

1) қой мен ешкілерді шаруашылық ішінде әкелуге, әкетуге және орындарын ауыстыруға, қ а й т а т о п т а с т ы р у ғ а ;

2) жұқпалы энтеротоксемиямен ауырған қой мен ешкіні союға және етін т а ғ а м ғ а п а й д а л а н у ғ а ;

3) ауру қой мен ешкінің сүтін саууға және тағамға пайдалануға.

6. Жұқпалы энтеротоксемиядан өлген қой, ешкінің өлексесі терісімен, жүнін алмастан жойылады. Өлекселерді диагностикалық мақсатпен жарып тексеруге

арнаулы жабдықталған жерде рұқсат етіледі.

7. Көнді химиялық әдіспен зарарсыздандырады немесе өртейді, биотермиялық зарарсыздандыру әдісін қолдануға болмайды.

8. Шаруашылық етуші субъекті осы аталған аурудан соңғы малдың ауырғанынан немесе өлгенінен 20 күн өткен соң және қорытынды зарарсыздандыру жасалғаннан кейін аурудан таза болып саналады.

9. Қой мен ешкінің жұқпалы энтеротоксемия ауруының алдын-алу мақсатында малдарды толыққоректі азықпен қамтамасыз етеді, рационды шұғыл өзгертуге болмайды, суару мен бағудың санитарлық және зоогигиеналық ережелерін сақтайды. Ауру шығуы ықтимал маусымда қой мен ешкіні жайылымға шығарар алдында сапалы шөппен қоректендіру ұсынылады.

10. Жұқпалы энтеротоксемия бұрыннан сәтсіздік тіркелген жерлерде барлық қой мен ешкілерді ауру шығу қаупі бар маусымнан 20-30 күн бұрын немесе жайылымға шығар алдында тиісті вакцинамен қолдану нұсқаулығына сәйкес е г е д і .

11. Шаруашылық етуші субъектілер энтеротоксемия ауруының алдын-алу мақсатында м і н д е т т і :

1) ветеринариялық мамандармен бірлесе отырып меншігіндегі қой мен ешкіні бірдейлендіруге және оларға ветеринариялық төлқұжаттарды ресімдеуді қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

2) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануарлар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы х а б а р л а у ғ а ;

3) ветеринариялық мамандарға олардың талап етуі бойынша диагностикалық зерттеулер мен вакцина егуді жүзеге асыру үшін жануарларды беруге;

4) бірнеше жануар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық мамандарға хабарлауға және олар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға.